

которые позволят сохранить баланс между интересами правового государства и необходимостью соблюдения принципа свободы.

Для выявления таких прогностических пробелов необходимо проводить постоянную работу по изучению массива законодательства с целью выявления устаревших норм, а также изучение иностранного опыта правового регулирования. Право должно постоянно реагировать на изменения в обществе. Для этого необходимо постоянно предвидеть эти изменения и вносить соответствующие изменения в законодательстве. Иными словами, необходимо проводить постоянный мониторинг общественного развития и уровень соответствия права происходящим изменениям в обществе. Этой задаче вполне может соответствовать институт правового мониторинга

Таким образом, законодательная (законотворческая) политика является составной частью правовой политики, занимает особое место в ее системе и воплощает стратегию и тактику деятельности государства и иных субъектов политической системы в сфере законодательного регулирования общественных отношений. Законодательную политику можно определить как совокупность целей, средств и способов осуществления субъектами законодательной власти, используемых для осуществления правотворческой функции государства в целях обеспечения прав и свобод граждан, реализации политических и социально-экономических реформ и укрепления законности и правопорядка.

Список литературы:

1 Концепция правовой политики Республики Казахстан до 2030 года. Утв. Указом Президента Республики Казахстан от 15 октября 2021 года № 674. – [Электронный ресурс]. – Режим доступа: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/U2100000674>

2 Общая теория государства и права. Академический курс в 2-х томах. Под ред. проф. Марченко М.Н. Том 2. Теория права. – М.: Зерцало, 1998. – 636 с.

3 Тлембаева Ж.У. Концептуальные подходы к законотворчеству и систематизации законодательства академика М.Т. Баймаханова // Вестник Института законодательства РК. – 2016. -№6. –С.25-35

4 Поленина С.В. Взаимосвязь правовой политики и культуры и ее отражение в законодательстве. – М.: ИД «Городец», 2016. -336с.

5 Агамиров К.В. Вынужденные отклонения и прогностические пробелы как категории юридической науки // Государств и право. – 2019.- №1. - С.18-26

ШЫНАЙЫ АЗАМАТТЫҚ ҚОҒАМ ҚАЛЫПТАСТЫРУ БАРЫСЫНДАҒЫ ҚАЛАЛЫҚ ӨЗІН-ӨЗІ БАСҚАРУДЫҢ МАҢЫЗЫ

*Байжанова К.Т. з.ғ.м., аға оқытушы, Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды
университеті*

Азаматтық қоғам посткеңестік мемлекеттер үшін ғылыми ғана емес, идеологиялық та түсінік. Қалаларда қоғамның экономикалық және мәдени ресурстарымен қатар, басты мәселелері де шоғырланған. Жергілікті өзін-өзі басқару әрбір азаматқа, мемлекетіміздің барлық елді мекендеріне, соның ішінде қалаларға да қатысты өзекті мәселелерді шешу кілті болып табылады. Қала мемлекетпен, азаматтық қоғаммен, аймақпен тығыз қарым-қатынаста. Олардың арасындағы өзара байланыстың негізгі каналдарының бірі – қалалық өзін-өзі басқару.

Практикада «қала» түсінігі мен «аумақтық ұжым» түсінігі синоним тәріздес қолданылады, себебі оның аумағында тұратын тұрғындарды атамастан қала туралы айту мүмкін емес. Қала белгілі бір аумақта тұрғындарды қоғамға пайдалы әрекетпен, өндіріс құралдарымен, өндірістік және әлеуметтік құрылым объектілерімен жақындастырушы

ағза ретінде қарастырылады. Бұл түсініктер арасындағы ажырағысыз тұтастық азаматтардың аумақтық ұжымын оның өмір сүруі соның көлемінде жүзеге асырылатын саяси-аумақтық бірліктен бөліп қарастыруға мүмкіндік бермейді. Оның себебі «тұрғындардың аумақсыз өмір сүруі мүмкін емес, осы екі фактор ажырағысыз бірлікте көрінеді, ондағы басшылық тұрғындарға тиесілі» [1,31].

Қаланың азаматтық қоғамның элементіне айналуы жергілікті өзін-өзі басқаруды дамыту арқылы мүмкін болмақ. Қазіргі жағдайда жергілікті өзін-өзі басқару органдарынан басқа ешкімнің қаламен тұтас құрылым ретінде арнаулы және жүйелі түрде айналысуға құқы жоқ. Сондықтан, жергілікті жерді бірте-бірте дербестікпен қамтамасыз етіп, қаланың жағдайына және тиімді дамуына стратегиялық жауапкершілік жүктеу қажеттілігі бар.

Қаланы жергілікті мемлекеттік аппаратпен сәйкестендіруге болмайды. Ондай жағдайда «қала» түсінігінен елдің барлық аумағында, соның ішінде оның әрбір аумақтық бірлігінде толық билікке ие халық (тұрғындар) тыс қалады. Қаланы оның аумағында тұратын азаматтардың ұйымдасу нысаны, өмір сүру ортасы, онда өмір сүретін және жұмыс істейтін, мемлекеттік және қоғамдық істерді басқаруға қатысатын, тұтыну заттарына, білімге, мәдениетке, тұрмыстық қызмет көрсетуге деген қажеттіліктерін қанағаттандыратын әлеуметтік орта ретінде қарау қажеттігі бар.

Дамыған демократиялық дәстүрлі елдерде жергілікті өзін-өзі басқару азаматтық қоғамның қажетті элементі бола отырып шаруашылық-әкімшілік қызметпен қатар маңызды саяси қызмет – азаматтарға демократиялық басқару тәжірибесін жинақтауға мүмкіндік беру қызметін атқарады. Жергілікті өзін-өзі басқарудың қазіргі теориялық моделі жергілікті өзін-өзі басқару табиғатын көпшілік-құқықтық (саяси) және жеке құқықтық (әлеуметтік) элементтердің ұштастығы ретінде анықтайды. Мемлекетте жүргізіліп отырған реформалар тиімді сапалы іске асуы үшін оларға төменнен, яғни халық тарапынан қолдау көрсету қажеттілігі бар. Өз кезінде Европада жергілікті өзін-өзі басқару ұзақ уақытқа, ғасырларға созылған «төменнің» коммуналдық төңкерісі түрінде, яғни қалалықтардың зайырлы және діни биліктік құрылымдардан құқықтарды бірте-бірте жеңіп алуы негізінде қалыптасқаны баршаға аян. Сондықтан, қазіргі таңда қазақстандық заңнамадағы жергілікті өзін-өзі басқару туралы жағымды ережелерге жаңа қарқын беру, әрі жергілікті өзін-өзі басқару көлемінде билік пен қоғамның өзара әрекеттестігінің жаңа нысандарын сынап көру қажеттілігі күн тәртібіндегі мәселе. Әйтпесе, саяси жаңартулар тек биліктік құрылымдармен ғана шектелу қаупі бар.

Қазіргі кезде қала аумағында жергілікті өзін-өзі басқару жүйесінде үлкен қалалар әкімшілігінің ықпалы зор. Олардың қаланы басқару және ондағы азаматтық қоғаммен қарым-қатынасына қатысты көзқарастары екі жақты. Бір жағынан, олар қала аумағындағы өзін-өзі басқару құрылымдарының құқықтарын шектеуге тырысса, екінші жағынан осыған қатысты өз өкілеттіліктері көлемін кеңейтуге тырысады.

Қалалықтардың басым көпшілігі жергілікті өзін-өзі басқарудың қалыптасуына қатыспайтындығы немесе жеткіліксіз деңгейде араласатындығы белгілі. Аталған құбылыстың басты себептері қатарында тұрғындардың құқықтық санасының төменділігі, бюрократиялық құрылымдардың бұқараның басқаруға және өзін-өзі басқаруға қатысуына саналы немесе пайымдалмаған қарсылығы, тұрғындардың әлеуметтік-экономикалық жағдайы айтылады.

Сондықтан, азаматтардың қаланы басқару үрдісіне қатысуы туралы мәселе өзектілігін жоғалтпай отыр. Бірақ, өкінішке орай, тұрғындардың басым көпшілігі бұндай дербестілікке және белсенділікке дайын емес. Әзірше қоғамдық сана бәсеңділік пен масылдық пиғылға негізделген кеңестік менталитеттен шыға алмай отыр. Дегенмен де, саяси және экономикалық белсенді, кәсіби шыңдалған, барынша сауатты тұрғындар жинақталған ірі қалалардан үміт күтеміз, өрлеу жолын солар бастар деген үміттеміз.

Мәселе қала ағзасының қалыптасуы мен дамуы барысындағы дәстүрліліктің табиғи эволюциясын ескермеу нәтижесінде соңғы жүзжылдықта қаланың даму сатыларынан

өтуінің логикалық кезектілігі бұзылуына байланысты туындап отыр. Жалпы, қала дамуының әрбір сатысы өзіндік мақсаттарды түзейді, өзіндік ерекшелігі болады. Кеңестік экономика жүргізу, Ұлы Отан соғысы, соғыстан кейінгі қалпына келтірудің объективті қажеттіліктері қала дамуының кейбір сатыларын ескермеуге және қала қауымдастығының пісіп-жетілуін күтпестен іске асырылуына негіз болды. Ал, бұлар өз алдына қазіргі қалалықтардың ішкі мәселелерді шешуге деген енжарлығына алып келді. Қазіргі қазақстандық азаматтық қоғам институттарының алдында тұрған мәселелердің бірі – қалалықтардың өзін-өзі басқаруға белсенділік пен жоғары ынталылық көрсетуін қалыптастыру болып табылады.

Қазіргі ресейлік ғылымда қалалық мекендердің үлгілі моделі ретінде «қала – азаматтық қоғам» ұғымы қалыптастырылуда. Оны анықтау барысында тұрғындардың ұтқырлығы және қалалық басқару жүйесі әділ бағасын алады. Нәтижесінде тоталитарлық типтегі басқарудан алшақтылығына және демократиялық нысанға жақындығына байланысты төрт модель ажыратылады: біртұтас мемлекеттегі қала, бюрократ-кәсіпкерлер қаласы, қала-комбинат және азаматтық қоғам жолындағы қала. Әрине, ішіндегі озығы соңғы модель екендігі түсінікті.

«Қала – азаматтық қоғам» моделі қалалық басқару механизмінің барынша экономикалық және әлеуметтік тиімділігіне жетуге және адамдардың өмір сүру ортасын, өмір деңгейін түбегейлі өзгертуге мүмкіндік береді. Қала ендігі жерде таңдау пәні емес, таңдау жүзеге асырылатын орта ретінде қалыптасады. Қалада тұрып ауылдағыдай кеңшілікке ие болу және керісінше, ауылда тұрып қаладағыдай тұрмыс-тіршіліктің ыңғайлылығын пайдалануға мүмкіндік пайда болады. Бұрынғы көзқарас, тіпті қазіргі кездегідей қала мен ауылды қарама-қарсы қою идеологиясы жойылады. Қала экологиялық жайлы және өмір сүрудің барынша тиімді тәсілі болып қалыптасады.

Азаматтық қоғам қалалары табиғат аясында өмір сүруге және еңбектенуге мүмкіндік береді. Қалалық орта өзіндік «паркке» айналады, қазіргідей табиғат аясына шығу үшін уақыт кетіріп, алысқа ұзап кетудің қажеттігі болмай қалады. Әрбір қалалық өзін осы табиғи ортаның мүшесі және оның бақылаушысы ретінде сезініп, қаланың тиімді дамуына жауапкершілігін түсінетін болады. Қалалық кеңістікте қожасыз қалған ештеңе жоқ, барлығының жауапты меншік иесі болады. Қазіргідей жинақы пәтер мен аңғал-саңғал подъезд немесе қоқысқа толы көше тәріздес қиғаштық болмайды.

Қаланы басқару көпфункционалды деңгейде іске асырылады. Әрбір шағын ауданның өзін-өзі басқаруы аумақты қорғау, қоғамдық кеңістікті жайлыландыру тәріздес қызметтерді атқарады. Қаланың инфрақұрылымы жеткілікті деңгейде дами отырып, бір жағынан – тұрғындардың өмір сүру деңгейін жоғарылатса, екінші жағынан адамдарды жұмыспен қамтамасыз ету және салық қорын кеңейту қызметін атқарады. Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық қала билігі мен тұрғындардың бас ауруы болудан арылады.

Бизнес пен қала ынтымақтастықта болады, оның мақсаты қазіргідей бюджеттен қаржылық көмек алу немесе қалалық билік органдарынан айрықша құқықтарға ие болу емес, таза экономикалық мүдде болып табылады. Қала бизнес үшін тиімді тапсырыстар жасауға және құнды қағаздар ұсынуға қабілетті болады. Қаланың бизнеспен ынтымақтастықта болу мақсаты – нарықтық бағамен кәсіби сапалы қызметке ие болу және көпшілік секторға инвестиция тарту.

Қала бюджеті айқын, қала қауымдастығының қоғамдық қажеттілігін қанағаттандыру үшін пайдаланылады. Қала бюджеті қаржыларын тиімді пайдалану қаржы менеджментінің жоғары сапасымен және жана қаржылық технологияларды пайдаланумен анықталады [2,8].

«Қала – азаматтық қоғам» деңгейіне жету үшін жергілікті өзін-өзі басқару қоғам өмірінің барлық маңызды аймақтарында толыққанды субъект дәрежесіне көтерілуі, яғни Конституцияның әрпі мен рухына сәйкестенуі қажет. Барлық құрылымдар, тіпті заңды бекітілген күннің өзінде толыққанды субъект бола алмауы мүмкін. Жергілікті өзін-өзі басқару жүйесі дербес мүшелерден құралуы шарт. Олар өз дербестігі арқасында маңызды

өмірлік мүдделеріне қатысты шешімдер шығару барысында таңдау мүмкіндігіне ие болуы керек. Жергілікті өзін-өзі басқарудың субъект ретіндегі дербестігі олардың негізгі қызметтерін қоршаған саяси ортаның жағымдылық деңгейіне байланыссыз атқару қабілетін көрсетеді. Муниципалды жүйе мүшелерінің субъектілігін оларға тиісті материалдық, мәліметтік және адамилық ресурстар қамтамасыз етеді. Материалдық ресурстар жергілікті өзін-өзі басқару субъектісінің экономикалық тәуелсіздігін қалыптастырады. Расында ол басқару жүзеге асырылатын аумақ сипатына байланысты болады, егер аумақта кірістің қайнар көзі болмаса, жергілікті өзін-өзі басқарудың кез-келген нысаны мемлекеттік басқарудың төменгі деңгейіне айналады, дербестігін жоғалтады. Қазіргі кезде өзін-өзі басқарудың дербестігінен айырылуының тағы бір себебі – жергілікті атқарушы органдар мен жергілікті өзін-өзі басқарудың бір жүйесінің болуына байланысты. Муниципалды құрылымдардың экономикалық дәрменсіздігі оны саяси күштердің қолшоқпарына айналдырады. Саяси субъектіге айнала алмаған өкілді орган депутаттары өз сайлаушылары алдындағы жауапкершіліктен қашқақтауға және өз лауазымын жеке мүдде құралына айналдыруға бейім болады.

Қазіргі кезеңде мемлекеттік биліктің жергілікті өзін-өзі басқарумен қарым-қатынасы жүйесінде үстемдігі даусыз. Жергілікті өзін-өзі басқарудың германдық моделіне тән муниципалдық дуализм концепциясы Г.В.Барабашевтің пікірінше «жергілікті дербестік пен мемлекеттік биліктің орталықтануға құштарлығы идеялары арасындағы теңгермелік туралы пікір қалыптастырады; орталықтандырылған бюрократиялық бастау мемлекеттілік жағдайындағы муниципалды әрекеттің анықтаушы факторы қызметін атқарады» [3,125].

Қалалық басқару органдары мен аумақтық ұжым арақатынасының заңдық негізін конституциялық нормалар құрайды. Қазақстан Республикасының Конституциясы мемлекеттік биліктің халыққа толық тиесілі екендігін жариялайды. Бұл оның егемендігінің заңдық көрінісі болып табылады. Билік – кез келген ұжымның, соның ішінде аумақтық ұжымның ерекше және қажетті функциясы болып табылады. Сондықтан, қала тұрғындары мемлекеттік биліктің өкілді органдары депутаттарын сайлауға, Президент сайлауына, бүкілхалықтық дауыс беру-референдум өткізуге ұйымдасады. Басқаша айтқанда, қала тұрғындары билік жүргізу құқығын тікелей немесе жанама түрде жүзеге асыра алады. Дегенмен де, қаланы басқаруға оның тұрғындарының қатысуына байланысты әлі де болса шешімін таппай отырған мәселелер баршылық. Соның бірі жергілікті маңызы бар өзекті мәселелерді шешу нысаны болып табылады. Егер тұрғындары аз санды ауылдық елді мекенде жергілікті маңызды мәселелер ауыл жиынында талқыланып шешімін табатын болса, қалада оны тұрғындардан жалпы сұрау жүргізу арқылы шешуге болады, яғни жергілікті референдум арқылы. Бірақ қазақстандық заңнамада жергілікті референдум өткізудің құқықтық базасы қалыптастырылмаған. Қаланың маңызы жеткілікті дәрежеде есепке алынбайды, бұл өз алдына мемлекет теориясы үшін маңызды бірқатар мәселелерді шешуге кедергі болуда. Соған мысал ретінде, жергілікті өзін-өзі басқарудың мәселелерін айта кетуге болады. Азаматтардың мемлекет пен қоғам істерін басқаруға тиімді атсалысуы жергілікті маңызды мәселелердің тікелей азаматтармен шешілуі туралы процедуралық нормалардың, әдістемелердің және ұсынымдардың болмауына байланысты кері кетіп тұр. Қалаларда әрекет ететін аумақтық ұжымдар мен бірқатар ұйымдардың құқықтық мәртебесі анықталмаған. Тұрғылықты жердегі азаматтар жиындары туралы нормативті актілер дамымаған. Аталған мәселелерді шешу қала тұрғындарының басқарушы жүйемен тығыз қарым-қатынасқа түсіп, шапанның ішкі бауындай әрекеттестікте болуына негіз болушы еді. Бұл өз алдына тұрғындардың өзін жүйенің құрамдас бөлігі ретінде сезініп әрекет етуіне, әлеуметтік басқарудағы оның ролінің артуына сеп болады.

Қаланың құқықтық жағдайын анықтау және оны басқару механизмін жетілдіру қажеттілігі өмірлік жағдайлармен айқындалған. Қалалар экономикалық, мәдени, сондай-ақ көбісі әкімшілік орталықтар болып табылады. Олар өзге әкімшілік-аумақтық құрылымдарға қарағанда көлемі мен ықпалына байланысты ерекше орынды иемденеді.

Онда өндірістік кәсіпорындардың басым бөлігі, ғылыми-зерттеу мекемелері, жоғары және орта оқу орындары орналасқан. Бұның барлығы қаланың экономикалық, техникалық, құқықтық және басқару аспектілерін, сондай-ақ қалалар туралы арнайы заңды біріктіретін кешенді теория қалыптастыруды қажет етеді.

Мемлекеттік билікті жүзеге асыру үшін біріккен тұрғындар ұйымы нысаны ретінде, қоғамның саяси және экономикалық ұйымдасуы звеносы ретінде, құқық субъектісі ретінде қала құқықтық мәртебесін жанама түрде емес, тікелей заңдық реттеуді қажет етеді. Қала мәртебесі туралы ережені қабылдау аумақтық ұжымның құқықсубъектілігін және мемлекеттік органдардың құзіретін, қала азаматтарының ролін анықтауға мүмкіндік береді. Онда қаланы ұйымдастыру мен әрекетін реттейтін нормалар жинақталуы, қаланың негізгі қағидат-ережелері, оның саяси және мемлекеттік-құқықтық сипаттамасы, шаруашылық құрылымы, қалалық басқарудың өкілеттілігі мен ұйымдасуы көрініс табуы тиіс. Сондай-ақ, қаланың әлеуметтік-экономикалық жүйе ретіндегі құрылымын бекіту ләзім.

Қазіргі қалалардың шешімін табуға тиісті өзекті тұстары жетерлік. Не себепті муниципалды билік органдары қалалардың жеткілікті деңгейде дамуын қамтамасыз ете алмай отыр деген сұрақ соның біреуі ғана. Бұған жауап ретінде жергілікті өзін-өзі басқару органдарын айыптауға, кадр жетіспеушілігін және басқару тәжірибесінің аздығын алға тартуға болады. Бірақ, даудың басы Дайрабайдың көк сиыры демекші, басты мәселе қалалардың даму стратегиясының болмауы мен қаланың құқықтық мәртебесінің анықталмауына байланысты.

Қазіргі кезеңде ірі қалаларда қаржы капиталы, кадрлық қауқары, экономикалық негізі, дамыған әкімшілік құрылымы, байланыс, көліктік коммуникациялар, бұқаралық ақпарат құралдары болуына қарамастан, қала дамуының мемлекеттік деңгейде анықталған бағдарламасы жоқ. Қаланың дербестікке ие болуы, әрине оның тиімді дамуына жағдай жасар еді. Сондықтан, қаланың құқықтық мәртебесін анықтау, ондағы азаматтық қоғам институттарын жетілдіру мәселесі ғылыми қауымдастықпен талқылануда.

Ресейдің кейбір қалаларында азаматтық қоғамды дамыту бағдарламалары қабылданып, тиімді жемісін беріп отыр. Мысалы, Новочеркасск қаласында «Развитие гражданского общества в городе Новочеркасске» атты мақсаттық бағдарлама қабылданған. Бағдарлама қабылдау өзектілігі қаладағы азаматтық қоғамды әрі қарай дамыту қажеттілігімен, әлеуметтік маңызды жобаларды жүзеге асырумен, әлеуметтік серіктестік механизмін бекітумен анықталынады [4,4]. Осы қалада бағдарлама сәтті жүзеге асырылып, қаланың коммерциялық емес секторының нығаюына, қоғамдық ұйымдар мен қаланы басқару органдарының тұрақты диалогына оң ықпал еткен. Осы тәріздес бағдарламаларды қазақстандық тәжірибеге енгізсек нұр үстіне нұр болушы еді.

Қазіргі таңда Қазақстанда 25 мыңнан аса коммерциялық емес ұйымдар бар, олардың 11 мыңдайы Алматы қаласында шоғырланған [5,2]. Үкіметтік емес ұйымдардың (ҮЕҰ) қалыптасуына және дамуына Алматының ықпалы зор. Бұл оңтүстік астанада азаматтық институттардың шоғырлануына, донорлық ұйымдардың болуына байланысты десек жаңылмаймыз. Міне, осындай қауқарды пайдалана отырып, қалада шынайы азаматтық қоғам қалыптастыру үшін қажетті мақсаттық бағдарламалар қабылдап, оның ережелерін жүзеге асырса дұрыс болар еді.

Осы тұста азаматтық қоғам элементі ретіндегі қазақстандық үкіметтік емес ұйымдардың әрекетіне қатысты пікірді қарастыра кетуді жөн көрдік. ҮЕҰ секторын әлеуметтік зерттеу барысында мемлекет пен ҮЕҰ тиімді өзара әрекеттестігін көтеруге кедергі келтіретін мәселелер анықталды. Олардың қатарында: мемлекеттік құрылымдардың ҮЕҰ өз ықпалында ұстағысы келуі – 36,2 %, ҮЕҰ бойынша заңнаманың кешеуілдеуі және теңгерілмегендігі – 26,2 %, кейбір ҮЕҰ-дың иек артушылық көңіл-күйі – 11,8 %, кейбір ҮЕҰ және олардың басшыларының жалпы мемлекеттік мүддені корпоративтік немесе аймақтық мүддемен қатар сақтау қажеттілігін түсінбеуі – 12,9 % құрайды екен. Бұған қарсы тұру құралы ретінде тұрақты негізде өткізіліп отыратын және

нағыз жалпыұлттық үнқатысу тетігіне айналған үкіметтік емес ұйымдардың Азаматтық форумын атауға болады. Осы форум және 2005 жылғы сәуірде қабылданған республикалық бюджет есебінен әлеуметтік маңызды проблемаларды шешуде ҰЕҰ-ның қатысуының құқықтық негізін қамтамасыз ететін Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс, үкіметтік емес ұйымдарға арналған гранттар және сыйлықақылар туралы» Заңы қазақстандық азаматтық қоғамның өміріндегі маңызды оқиға болып табылады. Үкіметтік емес ұйымдардың, биліктің және бизнестің өзара әріптестігі азаматтық қоғамды дамытуға бастар жол екендігі ақиқат [6,1]. Қазақстан Республикасындағы жергілікті өзін-өзі басқару туралы заңнаманы дамыту және жетілдіру барысында жергілікті өзін-өзі басқарудың конституциялық институт ретіндегі функцияларымен қатар, жергілікті өзін-өзі басқару органдары жүзеге асыратын функцияларының болатындығын ескеру қажет. Бұл объективті шындық. Егер орталықсыздандыру функциясы жергілікті өзін-өзі басқару құзыретінде көрініс таппайтын болса, азаматтардың жергілікті өзін-өзі басқаруды жүзеге асыру құқықтарын бекіту барысына да ескерілмейтін болса, онда жергілікті өзін-өзі басқаруды жария биліктің дербес институты ретінде қалыптастыру мүмкін емес.

Сонымен, қаланың екі жақты маңызы анық көрініп тұр: бір жағынан, қала жалпымемлекеттік көлемдегі инновациялық саяси импульстерді тарату қызметін атқарса, екінші жағынан – жергілікті өзін-өзі басқару институтының мәнін құрайтын жергілікті қауымдастықтың дамуын ынталандырады. Қалалықтардың жергілікті өзін-өзі басқару үрдісіне азаматтық қатысуға ынталылық дәрежесі қалаға муниципалды құрылым мәртебесін беруге мүмкіндік береді. Европалық және американдық қалалардың тәжірибесі көрсетіп отырғандай, теңгермелі қала дамуының маңызды шарты дамудың басым бағыттары бойынша әртүрлі қалалық қауымдастық пен басқару жүйесінің арасындағы келісімнің болуы болып табылады. Жергілікті өзін-өзі басқаруды дамыту - азаматтық қоғамның түбегейлі элементтерінің бірі.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Миронов О.О. Субъекты советского государственного права. – Саратов: Издательство Саратовского университета, 1975. – 126 с.
2. Российская урбанизация на перепутье: к «городу-саду» или в «город-огород»? / Материалы доклада «Сценарии развития российских городов». – Москва, 2001. – 180 с.
3. Барабашев Г.В. Местное самоуправление. – Москва: МГУ, 1996. – 247 с.
4. Развитие гражданского общества в городе Новочеркасске на 2018-2020 годы / www.novochgrad.ru/acts_doc/view/.../type.html
5. Информация о развитии гражданского общества в г.Алматы: проблемы и перспективы / www.almaty.kz/page.php?page_id.
6. Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс, үкіметтік емес ұйымдарға арналған гранттар және сыйлықақылар туралы Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 12 сәуірдегі N 36 Заңы // https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z050000036_